ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ
ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ КОМИТЕТІ
"ҚАРАТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



# <<САРЫҮҢГІР - ТЕКТҰРМАС>>

## экскурсиялық соқпағының төлқұжаты

**«КЕЛІСІЛГЕН»**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министірлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті «Түркістан облыстық Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының» басшысы

____________________ **Б. Қалымбетов**

« __ » ____________ 2021 жыл

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министірлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің № 27-5/28-ҚҰ 04.03.22ж. бұйрығымен бекітілді

## «САРЫҮҢГІР-ТЕКТҰРМАС» ЭКСКУРСИЯЛЫҚ СОҚПАҒЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1. ЕҚТА атауы **«Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-сі**
2. Соқпақтың атауы **«Сарыүңгір-Тектұрмас»**
3. Соқпақтың жіктемесі:
   1) бағыты бойынша: **туристік-экскурсиялық;**
   2) орналасу түрі бойынша: **жаяу жүріс, атпен;**
   3) қолданыс уақыты бойынша: **маусымдық;**
   4) ұйымдастыру нысаны бойынша: топтық, жеке;
4. **Негізгі географиялық нүктелер атауы**:

| Нүкте номері | Басты географиялық нүкте атаулары | Координаттары | Теңіз деңгейінен биіктігі (м) |
|---|---|---|---|
| 1 | Сарыүңгір жартасы | N 43º.41ˊ 16.89", E 68 º.36ˊ54.40 " | 854 |
| 2 | Аялдайтын орын, қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері . Секірметас | N 43º.40 ˊ59.34", E 68 º.37 ˊ08.62" | 923 |
| 3 | Аялдайтын орын, қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері . Көктекшек | N 43º.42 ˊ 32.21", E 68 º.37 ˊ43.81" | 1071 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Петроглиф, қонатын орын | N 43°.43' 32.63", E 68 °.37' 54.23" | 1195 |
| 5 | Қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері | N 43°.42' 41.04", E 68 °.38' 13.65" | 1299 |
| 6 | Тектұрмас шатқалы | N 43°.44' 42.25", E 68 °.38' 56.11" | 1680 |

**5.** Соқпақтың ұзақтығы 13,0 км. Қозғалыс уақыты 9 сағат,40 минут аялдау уақыты 2 сағ, жалпы сағаты 11 сағат 40 мин.
**6.** Соқпақтың жұмыс істеу мерзімі: **маусымдық.** Туристер ағымы мамыр айынан бастап қыркүйектің аяғына дейін.

**7.** Топтағы адамдардың ең көп саны **5-6 адам**. Экскурсиялық топтардың бір аптадағы мөлшері 6 топ, бір айда 24 топ.
**8.** Шілде- тамыз айларында ауаның температурасы ***+ 40°С,*** ***+44° С*** дейін жоғарылаған жағдайда экскурсиялық соқпақта демалушыларға шектеу қойылады.

**9. Соқпақта жүру мүмкіндігі. Қажетті киімдер мен жабдықтар.**

Экскурсиялық соқпақты нұсқаушы-экскурсоводсыз жүріп өтуге болмайды. Өйткені Жыңғылшық сайы таулы-тасты, өсімдіктер жабындысы өте тығыз орналасқан. Соқпаққа шыққанда бас киімсіз, жеңі ұзын көйлексіз, көзді қорғайтын көзілдіріксіз күн көзіне шығуға болмайды.

**10. Соқпақтағы жүріс- тұрыстың ерекше ережелері:**
- табиғи кешендер мен аншлагтарды бүлдіруге болмайды;
- жартастарға, ағаштарға және петроглифтерге жазулар мен белгілер салуға тыйым салынады;
- арнаулы рұқсатсыз өсімдіктер мен жәндіктерді жинауға тыйым салынады;
- соқпақтан шығуға және белгіленген маршруттан ауытқуға тыйым салынады;
- от жағуға, қоқыстарды өртеуге және маршрут бойында шылым тартуға тыйым салынады;
- ағаштарды және бұтасынды өсімдіктерді жарақаттауға, шабуға тыйым салынады;
- радиоаппараттары мен магнитафондарды бар дауысына қосуға тыйым салынады;
- арнайы таулы-тасты жерде жүруге арналған аяқ киім болуы тиіс;
- міндетті түрде дәрі-дәрмек қорапшасы болуы тиіс;

**11. Қауіпсіздік шаралары**:

- тауға шыққанда арнайы киімді, аяқ қиімді пайдалану керек,
- рұқсатсыз таудың жоғары жағына баруға болмайды,
- қалың бұталардың арасына кіруге, тастарды орнынан жылжытуға қатаң тыйым салынады,
- арнайы жолдармен ғана жүру,
- түнде, қалың тұманда, жойқын желде, қар, жаңбыр жауып тұрғанда тауда жүруге тыйым салынады,
- улы жәндіктердің және жыланның шағуынан сақтану үшін ашық аяқ киім киюге тыйым салынады,
- улы жәндік немесе жылан көргенде шұғыл барлық топ мүшелеріне ескертіп сақтану керек,
- Жартасқа бүрі терең резина табанды тау ботинкасын киіп қана шығуға болады. Тауда табаны тегіс аяқ киім пайдалануға болмайды.
- жылан, қарақұрт шаққанда қарсы сарысу салу керек, әйтпесе новокаин блокадасын жасап тез арада жақын медпунктке жеткізу керек,
- темекі шегуге және тұқылын тастауға тыйым салынады,
- міндетті түрде жеке дәрі-дәрмек қорапшасы болуы қажет,
- атпен жүрген кезде қауіпсіздік ережелері қатаң сакталынуы керек,
- тауда жүргенде себепсіз тастарды аударуға, тасты лактыруға тыйым салынады.
- қажеттілігіне қарай соқпаққа шығушылардың қан қысымын өлшеп отыру керек.

**12. «Сарыүңгір-Тектұрмас» соқпағын жүріп өту жоспары.**

| р/с | Соқпақтың (маршруттың) учаскелері | | Ұзақтығы, км | Қозғалыс уақыты | Аялдау уақыты | Қарау алаңының, суретке түсіру пунктерінің № |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | басы | соңы | | | | |
| 1 | Сарыүңгір жартасы | Аялдайтын орын, қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері . Секірметас | 3,5 км | 2 сағат | 20 мин | |
| 2 | Аялдайтын орын, қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері . Секірметас | Аялдайтын орын, қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері . Көктекшек | 4 км | 3 сағат | 30 мин | Көктекшек шатқалында суретке түсу |
| 3 | Аялдайтын орын, қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері . Көктекшек | Петроглиф | 3 км | 2 сағат | 20 мин | |
| 4 | Петроглиф | Қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері | 0,5 км | 40 мин | 30мин | Жыңғылшық шатқалында суретке түсу |
| 5 | Қарау алаңы мен суретке түсіру пункттері | Тектұрмас шатқалы | 2 км | 2 сағат | 20 мин | Тектұрмас шыңында суретке түсу |
| **Барлығы:** | | | **13 км** | **9 сағат 40 мин** | **2 сағат** | |
| **Жалпы сағат:** | | | **11 сағат 40 мин** | | | |

## 13. Соқпақтың схемасы.















# Сарыұңгір - Тектұрмас экологиялық соқпағы географиялық нүктелерінің кординаттары



**14. Соқпақтың (маршруттың) қысқаша мінездемесі (сипаттамасы).**

Соқпақ туристік-экскурсиялық бағытқа арналған. Топтағы ең көп адам саны – 5-6 адам, Соқпақтың ұзақтығы –13 км, аялдамаларды қоса есептегенде (26 км барып- қайту) уақыты- 11 сағат 40 мин. Маршрут Сарыүңгір жартасынан басталып, Жыңғылшық сайы, тамашалау алаңдары мен суретке түсу пункттері арқылы Тектұрмас тауына дейін.

**15. Соқпақ (маршрут) бойынша және қарау (шолу) алаңдарында байқау объектілерінің қысқаша сипаттамасы.**

«Сарыүңгір-Тектұрмас» экосоқпағының бойындағы жаяу маршрут Сарыүңгір жартасынан басталады.. Соқпақ бойымен Қаратаудың ішінде кездесетін аң-құстарды, Қаратаудың «Қызыл кітабына» енген сирек және эндемді өсімдіктерін көрсете отырып, туристер мен келушілерді қорықтың бай қорымен таныстыруға болады. Атап айтқанда, Қаратау жуасы, Регель шырышы, сүтті шырыш, Регель алмұрты, Сиверс алмасы, Түркістан доланасы, жоңғар доланасы, Беггер итмұрыны, қызылжемісті шие, кәдімгі абрикос, Грейг қызғалдағы, Альберт қызғалдағы, шәйқурай, қаратау көкбасы, Линчевский кемпіршөбі, Трауфеттер шалфейі, Бунге киікоты, азиялық жалбыз, Петунников бадамы және т.б. Сондай-ақ Қызыл кітапқа енген Сиверс алмасы, соғды шағаны, қаратау көкбасы, Линчевский кемпіршөбі, петунников бадамы, мыңжылқы көбенқұйрығы, қаратау лепидолофасын көруге болады. (1қосымша). Жануарлар түрлерінен үнді жайрасы, қаратау арқары, борсық, сарышұнақ, бүркіт (2 қосымша) кездеседі.

Өсімдіктер мен жануарлардан бөлек демалушыларды осы аймаққа тән Жыңғылшық шатқалындағы ежелгі петроглифтермен таныстырамыз. Бір-бірінен 2-3 м жерде орналасқан жартас шығындыларының беттеріне салынған суреттер аса қызықты болып шыққан. Жартас негізінен оңтүстік және оңтүстік –батысқа қараған бірнеше тақталардан тұрады. Бірінші топ жартастарында петроглифтардың орталық композициясы–«құстұмсықты» бес бұғы бейнеленген көрініс. Оның үсті мен астында, қоңыр –сұр түсті тақталардың бетінде бұғыларға қатысы жоқ тағы бірнеше сюжет қашалған. Бұл қолдарына таяқ немесе күрзі ұстаған адам мүсіндері, жеке бейнеленген жылқы үйірі,соның маңында ешкінің үлкен бейнесі мен елік суреті. Суреттердің барлығы жартас бетінде симметриялы орналасқан және Қаратауда жиі кездесетін түрлі уақытта салынған суреттерге ұқсамайды. Олардың барлығы түрлі дәстүрмен қашалған: сюжетіне қарай олардың бір бөлігі қола дәуіріне тән.

Екінші топ суреттері шатқалмен 300-400 м жоғары шыққан жерден басталады. Көлемі үлкен емес жартас блогында ешкінің бірнеше тұрпайы денелері бейнеленген. Тастардың бірінде ұштары иілген таяқ ұстап тұрған екі адамның суреті қашалған. Суретттердің екінші тобы шатқалмен 300-400 м жоғары көтерілген жерде және әрі қарай шатқалдағы өзен бұрылып, арасы тарылған жерге дейін созылып жатыр. Мұнда сақ стилінде салынған ешкілердің

суреттері, басқа да суреттердің шоғыры бар. Олардың бір бөлігі шоқының төбесіндегі ылди жартастардың бетіне қашап салынған.

Бірнеше қабаттан тұратын үлкен жартас бетінде арыстанның немесе иттің атты талап жатқан көрінісі бейнеленген. Шабуылдағы хайуанның азуы ашық, ұшында шашағы бар құйрық доғадай иілген күйінде салынған. Оның дене тұрқы осында бейнеленген басқа иттерден анағұрлым айрықша. Иттердің құлақтары көрсетілсе, атқа шабуылдаған жырткыштың құлақтары көрсетілмеген. Зерттеушілер бұл суретттерде иттер бейнеленген деп нақты айта алмады. Бірақ арыстан деп те айта алмай отыр. Себебі, арыстан бейнесі қола дәуірі петроглифтеріне тән емес. Жоғарғы қабатта бірнеше иттің түрі анықталмаған жануарды қуып бара жатқан көрінісі бейнеленген: соңғысының суреті зақымданып, оның түрін анықтау мүмкін емес. Адам қолының суреттері уақыт анықтайтын нышан емес, олар осы сюжеттердің мән-мағынасын түсіну үшін қызықты.

Петроглифтердің үшінші тобы шоқыдағы екінші топтан 2-3 км жоғары, теңіз деңгейінен 1680 м биіктікте орналасқан. Тектұрмас қонысындағы петроглифтер шоқының ылди төбесінде орналасқан жартас блоктарына қашалған. Жартастардан аң стилінде салынған арқар мен өгіздердің бейнелері табылды. Шоқының шыңынан арабша жазуы бар бағантас шықты. Петроглифтер түрлі уақыттарға жатады, олардың бір бөлігі қола дәуірінде, ал екіншісі- сақ кезеңінде салынған. Жартастағы құстұмсықты бұғылардан жоғары жерде мүйізі бар бетжапқы киген адам бейнелері қашалған. Кішігірім мүйіздері мен салбырап тұрған құйрығы бар адам бейнелері де кеңінен кездеседі.

Жаздың ыстық күндерінде өзен бойындағы бұлақтардың суы үзілмейді. Сондықтан демалуға және суретке түсіру үшін 30 минут бөлінеді.

**16. Соқпақтың (маршруттың) күрделі учаскелерінің қысқаша сипаттамасы.**

«Сарыүңгір-Тектұрмас» маршруты күрделілігі жөнінде -күрделі. Соқпақ бойымен жүргенде Жыңғылшық өзенінің арнасын 28 рет кесіп өтуге тура келеді. Жаяу жүрушілерге аздап қиындық тудырады. Сонымен бірге, жол тастақты және қой тастар көптеп кездеседі.

**17. Мүмкін болатын стихиялық құбылыстар мен олар байқалған кезде топтың іс- қимылы.**

Соқпақтың (маршруттың) қызметі мамыр айында басталып, маусым-тамыз айларындағы үзіліспен қазан айының соңына дейін қарқынды түрде созылып, жылдың қалған мезгілінде туристердің келуі бойынша қызмет жасайды. Көктем айларында су тасқыны мен қатты дауылдар болуы мүмкін. Ондай қауіпті ауа- райы сәттерінде соқпақтың қызметіне қатаң тыйым салынады. Қатты дауыл, нөсерлі жаңбыр сәттерінде жартастар мен тауларға көтерілуге қатаң тиым салынады. Өрт қауіпті маусымы кезінде өрт болдырмау мақсатында соқпақ бойын күзету күшейтіліп, арнаулы кезекшіліктер ұйымдастырылады.

**18. Жолдамаға ақпараттық парақшаның мәтіні үшін ұсынымдар.**

Соқпаққа келушілер табаны тасты жерде жүруге арналған аяқ киімде болуы шарт. Киімдері мүмкіндік болса мақта матадан болғаны дұрыс. Жаз айларында міндетті түрде бас киім, күннен қорғанатын көзілдірік, шыбын-шіркейден қорғанатын тор және дәрі–дәрмек аптечкасы болуы шарт.

**19. Соқпақты (маршрутты) абаттандыру.**

Соқпақ бойын абаттандыру жұмыстары, паналау орындары, тамашалау алаңдары мен суретке түсіру пункттерін ұйымдастыру жоспарлануда.

**20. Мемлекеттік табиғи қорықтың ғылыми- техникалық кеңесінің шешімі.**

Соқпақ паспорты «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-нің ғылыми-техникалық кеңесінің 2020 жылғы ___25.12.2020 ж___ №_6_ шешімімен бекітілді.

Соқпақ паспортын әзірлеуге және ресімдеуге жауапты: экологиялық ағарту және туризм бөлімінің бастығы Н.М.Мусаев, экоағарту маманы А.Бектурганова.

21. Паспорт 2021 жылы 2 данада жасалынды.

**М.О.** **Директор** **А.Ниязов**

Қосымша № 1

**Сарыүңгір-Тектұрмас экологиялық соқпағының бойында кездесетін өсімдіктер**

| **казахский** | **русский** | **латинский** |
|---|---|---|
| Көгілдір жуа | Лук синеголубой | *Allium caesium* Schrenk |
| Қар атау жуасы | Лук каратавский | *Allium karataviense* Regel |
| Бүдірлі жуа | Лук шероховатый | *Allium trachyscordum* Vved. |
| Регель шырышы | Эремурус Регеля | *Eremurus regelii* Vved. |
| Сүттүсті шырыш | Эремурус млечноцветный | *Eremurus lactiflorus* O. Fedtsch. |
| Михельсон талы | Ива Михельсона | *Salix michelsonii* Goerz ex Nas. |
| Жүрек жапырақты рауғаш | Ревень сердцевидный | *Rheum cordatum* Losinsk. |
| түйесіңір | Курчавка прутьевидная | *Atraphaxis virgata* (Regel) Krasn. |
| Бүлдірген | Ежевика | *Rubus caesius* L. |
| **Регель тарбақайы** | **Рафидофитон Регеля** | ***Rhaphidophyton regelii* (Bunge) Iljin** |
| Шайқурай жапырақты тобылғы | Таволга зверобоелистная | Spiraea hypericifolia L. |
| **Қаратау ырғайы** | **Кизильник каратавский** | ***Cotoneaster karatavica* Pojark.** |
| Регель алмұрты | Груша Регеля | *Pyrus regelii* Rehder |
| **Сиверс алмасы** | **Яблоня Сиверса** | ***Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem.** |
| **Парсы шетені** | **Рябина персидская** | ***Sorbus persica* Hedl.** |
| Түркістан доланасы | Боярышник туркестанский | *Crataegus turkestanica* Pojark. |
| Жоңғар доланасы | Боярышник джунгарский | *Crataegus songarica* C.Koch. |
| Беггер итмұрыны | Шиповник Беггеровский | *Rosa beggerana* Schrenk |
| Парсы қарашаушаны | Гультемия персидская | *Hulthemia persica* (Michx. Ex Juss.) Bornm. |
| Қызылжемісті шие | Вишня красноплодная | *Cerasus erythrocapra* Nevski |

| | | |
|---|---|---|
| **Кәдімгі өрік** | **Абрикос обыкновенный** | ***Armeniaca vulgaris* Lam** |
| Ақ мия | Брунец лисохвостный | *Vexibia alopecuroides* (L.) Jakovl. |
| Жуантұқымды ақмия | Брунец толстоплодный | *Vexibia pachycarpa* (Schrenk.) Bunge |
| Шалғындық жоңышқа | Клевер луговой | *Trifolium pratense* L. |
| Сиверс таспашөбі | Астрагал Сиверса | *Astragalus sieversianus* Pall. |
| Сырдариялық сүттіген | Молочай сырдарьинский | *Euphorbia jaxartica* Prokh. |
| Семенов үйеңкісі | Клен Семенова | *Acer semenovii* Regel et Herd. |
| Жалаңашгүлді құлқайыр | Алтей голоцветковый | *Althaea nudiflora* Lindl. |
| Шілтежапырақты шайқурай | Зверобой продырявленный | *Hypericum perforatum* L. |
| **Қаратау көкбасы** | **Синеголовник каратавский** | ***Eryngium karatavicum* Iljin** |
| Шоғыр батан | Шренкия скученная | *Schrenkia congesta* Korov. |
| **Қырықбуынтәріздес сайсабағы** | **Прангос хвощевидный** | ***Prangos equisetoides* Kuzm.** |
| Мүйізжапырақты сасыр | Ферула роголистная | *Ferula ceratophylla* Regel & Schmalh. |
| Жапырағы ұсақтілімделген сасыр | Ферула тонкорассеченная | *Ferula tenuisecta* Korov. |
| **Линчев кемпіршөбі** | **Акантолимон Линчевского** | ***Acantholimon linczevskii* Pavl.** |
| **Соғды шағаны** | **Ясень согдийский** | ***Fraxinus sogdiana* Bunge** |
| Түкті шырмауық | Вьюнок шерстистый | *Convolvulus subhirsutus* Regel & Schmalh. |
| Жіңішке жапырақты шырмауық | Вьюнок узколистный | *Convolvulus lineatus* L. |
| Кірпі инелі жуантамыр | Риндера ёжистая | *Rindera echinata* Regel |
| Талжапырақты әрем-қуырдақ | Зопник иволистный | *Phlomis salicifolia* Regel |

| | | |
|---|---|---|
| Траутфеттер сәлбені | Шалфей Траутфеттера | *Salvia trautvetteri* Regel |
| Бунге киікоты | Зизифора Бунговская | *Ziziphora bungeana* Juz. |
| Азиялық жалбыз | Мята азиатская | *Mentha asiatica* Boriss. |
| Жоңғар сиырқұйрығы | Коровяк джунгарский | *Verbascum songoricum* Schrenk ex Fisch. & C.A.Mey. |
| Қандауыртәрізді жолжелкен... | Подорожник ланцетовидный | *Plantago lanceolata* |
| Тиынжапырақты ұшқат | Жимолость монетолистная | *Lonicera nummulariifolia* Jaub. &Spach |
| **Қаратау ұшқаты** | **Жимолость каратавская** | ***Lonicera karataviensis* Pavl.** |
| Жоңғар қотыроты | Скабиоза джунгарская | *Scabiosa songarica* Schrenk |
| Тұрлан түймешетені | Пижма турланская | *Tanacetum turlanicum* (Pavl) Tzvel. |
| Қаратау жусаны | Полынь каратавская | *Artemisia karatavica* Krasch. & Abol. ex Poljak. |
| **Мыңжылқы көбенқұйрығы** | **Кузиния мынжылкенская** | ***Cousinia mindshelkensis* B. Fedtsch.** |
| Майдажемісті көбенқұйрық | Кузиния мелкоплодная | *Cousinia microcarpa* Boiss. |
| Жартылай бұталы ақжапырақ | Наголоватка полукустарниковая | *Jurinea suffruticosa* Regel |
| Қаратау томағашөбі | Шлемник каратавский | *Scutellaria karatavica* Juz. |
| Қызылжемісті тікенбұршақ | Раздельнолодочник красноплодный | *Meristotropis erythrocarpa* Vass. |
| Биберштейн мыңжапырағы | Тысячелистник Биберштейна | *Achillea biebersteinii* Afan. |

Қосымша №2

**Сарыүңгір-Тектұрмас экологиялық соқпағының бойында кездесетін жәндіктер**

| **казахский** | **русский** | **латинский** |
|---|---|---|
| Жауынқұрт | Дождевой червь | Lumbricus terrestris |
| Шұбар сарышаяны | Скорпион пестрый | Mesobuthus eupeus |
| Европалық жалған таяқша | Европейский ложный палочник | Ramulus bituberculatus |
| Кәдімгі сольпуга | Обыкновенная сольпуга | Galeodes araneoides |
| Кәдімгі шөп орғыш өрмекші | Обыкновенный сенокосец | Phalangium opilio |
| Ала бүйі өрмекші | Паук-крестовик обыкновенный | Araneus diadema |
| **Қысқа қанатты Боливария дәуіті** | **Боливария короткокрылая** | **Bolivaria brachyptera** |
| **Ағаш дәуіті** | **Древесный богомол** | **Hierodula tenuidentata** |
| **Қоңыр қанатты шегіртке** | **Кузнечик темнокрылый** | **Ceraeocercus fuscipennis** |
| Сұр шегіртке | Кузнечик обыкновенный, или серый | Decticus verrucivorus |
| Жасыл шегіртке | Зеленый кузнечик | Tettigonia viridissima |
| Далалық шегіртке | Полевой сверчок | Gryllus campestris |
| Кәдімгі бұзаубас | Обыкновенная медведка | Gryllotalpa gryllotalpa |
| Европалық жалған таяқша | Европейский ложный палочник | Ramulus bituberculatus |
| Екі дөңесті таяқша | Палочник двубугорчатый | Sceptrophasma bituberculatum |
| Кәдімгі өсімдік биті | Тля обыкновенная | Aulacorthum solani |
| **Үлкен торанғы қоңызы** | **Златка туранговая большая** | **Capnodis miliaris** |
| **Ганглбауэр тамыр жегіш қоңызы** | **Корнеед Ганглбауэра** | **Dorcadion ganglbaueri** |
| Кәдімгі су қыршаяны | Скорпион водяной обыкновенный | Nepa cinerea |
| Таяқша тәрізді су қандаласы | Водомерка палочковидная | Hydrometra stagnorum |
| Сахиналы қандала | Кольчатый хищнец | Rhynocoris annulatus |
| Қандала-әскер | Клоп-солдатик | Pyrrhocoris apterus |
| Итальяндық қандала | Итальянский клоп | Craphosoma italicum |
| Айналғыш қоңыз | Жук-вертячка | Orectochilus villosus |

| | | |
|---|---|---|
| Түркістандық секіргіш қоңыз | Скакун туркестанский | Cicindela turkestanica |
| Көктемгі қиқоңыз | Весенний навозник | Geotrupes vernalis |
| Алтынтүсті қолақоңыз | Золотистая бронзовка | Cetonia aurata |
| Жетінүктелі қанқызы | Семиточечная коровка | Coccinella septempunctata |
| Майка қоңызы | Жук-майка | Meloe cicatricosus |
| Терек жапырақ жегіш | Листоед тополевый | Melasoma populi |
| Киелі қиқоңыз | Скарабей священный | Scarabaeus sacer |
| **Әдемiқыз инелік** | **Красотка –девушка** | **Calopteryx virgo** |
| Лютка инелігі | Стрекоза – лютка | Lestes viridis |
| **Әмірші инелік** | **Дозорщик император** | **Anax imperator** |
| **Арал жіңішке құйрықты инелігі** | **Тонкохвост аральский** | **Ischnura aralenais** |
| Желкенді Махаон көбелегі | Парусник Махаон | Papilio machaon |
| **Желкенді Алексанор көбелегі** | **Парусник Алексанор** | **Papilio alexanor** |
| Аполлон | **Аполлон** | *Parnassius apollonius* |
| Мнемозина (Қара Аполлон) | Мнемозина (Черный Аполлон) | *Parnassius mnemosyne* |
| Долана көбелегі | **Боярышница** | Aporia crataegi |
| Аққөбелек | **Белянка** | Pieris rapae |
| Орамжапырақтың аққөбелегі | **Капустница** | Pieris brassicae |
| Эрато сары көбелегі | Желтушка Эрато | Colias erate |
| Шашечница көбелегі | Шашечница дидима | Melitaea didyma |
| Репейница көбелегі | Репейница | Vanessa cardui |
| Бризеида көбелегі | Сатира бризеида | Chazara briseis |
| Энервата көбелегі | Сатира энервата | Chazara enervate |
| Эверсман көбелегі | **Бабочка Эверсмана** | Urrussia eversmanni |
| Меланаргия көбелегі | **Пестраглазка Меланаргия** | Melanargia parce |
| Кіші сары сатир | **Сенница Памфил (малый желтый сатир)** | Coenonympha pamphilus |
| Қасқыр мақпалы | **Бархатница волчья** | Hyponephele lupina |
| Ниоба меруерт көбелегі | **Перламутровка ниоба** | Argynnis niobe |
| Пандора меруерт көбелегі | **Перламутровка пандора** | Argynnis pandora |
| Биенерти көгілдір көбелегі | **Голубянка биенерти** | Polyommatus bienerti |
| Аманда көгілдір көбелегі | **Голубянка Аманда** | Plebicula amanda |
| **Балташы ара** | **Пчела-плотник** | **Xylocopa valga** |

| **Сары қанатты сфекс** | **Сфекс желтокрылый** | **Sphex flavipennis** |
|---|---|---|
| Кәдімгі Дафния | обыкновенная дафния | Daphnia pulex |
| Қара торы құмырсқа | Черный дерновый муравей | Tetramorium caespitum |
| Қызғылт сары құмырсқа | Рыжий лесной муравей | Formica rufa |
| Жасыл өлексе шыбыны | Зеленая падальная муха | Lucilia sericata |
| Көк өлексе шыбыны | Синяя падальная муха | Calliphora sericata |